

ҚАЗАҚСТАН
РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ
ПРЕМЬЕР-МИНИСТРИПРЕМЬЕР-МИНИСТР
РЕСПУБЛИКИ
КАЗАХСТАН

010000, Астана қаласы, Үкімет үйі

010000, город Астана, Дом Правительства

№

Қазақстан Республикасы
Парламенті Мажілісінің
депутаттарына

2024 жылғы 20 наурыздагы
№ DC-123 сауалға

Күрметті депутаттар!

Сіздердің Алтын Орда дәуіріне қатысты сауалдарының қарап, мынаны хабарлаймын.

Жошы ұлысының 800 жылдығын өткізу жөніндегі 30 іс-шарадан тұратын жалпы респубикалық жоспар бекітілді.

Онда Жошы туралы толықметражды көркем фильм және «Алтын Орда» тарихи сериалын түсіру мәселесін пысықтау, қалаларда Жошы ескерткішін орнату шаралары көзделген.

Сонымен қатар Жошының өмірі, оның ұрпақтарының Жошы ұлысында билік құрған кезеңі туралы шағын кітаптар, комикстер шыгару, ғылыми-практикалық конференциялар, семинарлар, конгресс, «Алтын Орда» энциклопедиясының таныстырылымын өткізу, экспедициялар үйымдастыру қарастырылған.

Өз кезегінде Алтын Орда тарихы мен Жошы хан туралы деректі және көркем фильмдер, сериалдар түсіру, монумент түрғызы мәселелері аталған жоспар шенберінде жалғасады.

Жошы хан кесенесі, Сарайшық қалашығы және «Қызыл оба» қорымын туристтік орталықтарға айналдыруға қатысты

Жошы хан кесенесін Ұлытау өнірінің туристік орталығы деп айта аламыз. Ұлытау облысына баратын туристерге барлық жағдай жасалған. Қазіргі кезде Жошы хан, Алаша хан, Домбауyl кесенелеріне аппаратын жолды салу жұмысы аяқталуда. Өнірдің туризмін одан әрі дамыту Ұлытау облысында туризмді дамытудың 2027 жылға дейінгі жол картасы негізінде жүргізіледі.

Сарайшық қалашығын дамытудың тұжырымдамасы мен оны жаңғыртудың бас жоспары әзірленді. Қазіргі кезде Сарайшық қалашығының тарихи-мәдени мұра объектілерін жаңғырту мақсатында ғылыми және тарихи

деректер зерделенуде. Жаңғырту жұмыстары биыл басталады. Бұл жұмыстар туристік тартымдылықты арттыруға бағытталған.

Сондай-ақ Сарайшық қалашығының жаңынан визит-орталық салынып, 2023 жылғы наурызда пайдалануға берілді. Ол Алтын Орда кезеңінде артефактілерімен толықтырылды. Визит-орталығына туристер мен келушілердің саны артуда (2022 жылдың 18 мың адам барса, 2023 жылдың қорытындысы бойынша 21 мыңға жуық).

Сонымен қатар Ұлттық статистика бюросының ресми статистикалық ақпаратына сәйкес 2023 жылды Атырау облысы – туристердің ең көп баратын өнірлер тізімінде орын алған (*Алматы, Астана қалалары, Алматы облысынан кейін 4-инши орында*).

Атырау облысының туризмді дамытудың 2027 жылға дейінгі жол картасы аясында 2024-2025 жылдары Сарайшық ауылынан Сарайшық қалашығына дейінгі 10 км жол салу (2023 жылдың жергілікті бюджеттен 300 млн теңге бөлінген. А.ж. қалған 996 млн. теңге қараждат бөлінді), Сарайшық қалашығында туристік кемпингтік аймақ құру жобалары қарастырылатын болады (*иске асуру мерзімі 2025 ж.*).

Қызыл оба қорымы бойынша жұмыстар Солтүстік Қазақстан облысында туризмді дамытудың 2027 жылға дейінгі жол картасының негізінде жүргізілуде. 2024-2025 жылдар кезеңінде әкімдік туристік объектілерге баратын жолдарды жабдықтау жұмыстарын жоспарлаған.

Корытындылай келгенде аталған объектілер туристерді қабылдауға әзір. Отандық және шетелдік туристердің ақпараттандыру мақсатында «Kazakhstan.travel» ұлттық туристік порталы құрылған.

Мектемпен жаңынан оқыру орындарында Алтын Орда дәуірінң бүгінгі күн талабымен оқыту бойынша

Мемлекет басшысының тапсырмасына сәйкес¹ Ғылым және жоғары білім министрлігі шетелдік, отандық архивтер мен кітапханаларда жаңадан анықталған дереккөздерді пайдалана отырып, «Қазақстанның ежелгі заманнан бүгінгі күнге дейінгі тарихы» атты жеті томдық академиялық басылым әзірлеуде.

Академиялық басылымның негізінде «Қазақстан тарихы» мен «Дүниежүзі тарихы» пәндері бойынша оқулықтар әзірленеді. Оның аясында оқу орындарында Алтын Орда дәуірінң бүгінгі күн талабына сай оқытылатын болады.

Баяндалғаннаның негізінде аталған жоспар шеңберінде тиісті жұмыстар жүргізіледі және ол төл тарихымызды, мәдени мұрамызды дәріптеуге септігін тигізеді деп пайымдаймыз.

О. Бектенов

¹ Мемлекет басшысының 2021 ж. 26 қаңтарда КР Үкіметінің кеңейтілген отырысында берген тапсырмасы